■БӘРЕКЕЛДІ!

БЕЙЖІҢДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІН ДӘРІПТЕЙТІН «ҚАЗАҚ БАЛА» КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Қытайдың астанасы Бейжіңде тұратын қазақтар балаларына арнап «Қазақ бала» атты клуб құрды. Өткен демалыс күндері ұйымның қоғамдық іс-қимылдары өтумен қатар, тұңғыш «Тілашар» қазақ тілі курсы ашылып, қазақ балаларына дәріс оқылды, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

«Тілашардың» алғашқы сабағына Қытайдың бас қаласында орналасқан қазақ отбасынан 16 бала мен 19 ата-ана қатысты. Бұдан кейін әр жексенбі күні болатын «Тілашардың» шәкірттері көбейетініне бейжіңдік қандастарымыз сенімді.

Жаңа ғана құрылған клубтың жоспарлары да жасалған. Алдағы уақытта Бейжіңде білім алып жатқан өнерлі қазақ студенттері балаларға қазақ ән-биінен сабақ беріп, домбыра курстарын ұйымдастырғалы отырғанын қуанышпен жеткізген клуб жетекшісі Жанар Сіләнбекқызы: «10 мамырда клубымыздың құрылғандығын ресми түрде атап өтіп, үлкен жиналыс өткізсек деп отырмыз. Әнші Тасқын Табысұлы мен Арай Айдарханұлы қатарлы бауырларымызбен қоса әнби мен күйді де қоса үйретіп берейік деген талантты бауырларымыз бар. Қытай астанасында ұзақ жыл қызмет еткен профессор ағаларымыз бен апаларымызды да арнайы шақырып, балаларға қазақтың мәдениеті мен тарихынан дәріс оқытпақпыз», – дейді.

Айта кетейік, бұл күнде Қытайдың астанасы Бейжің қаласында 3[illegible]-ге тарта қазақ тұрады. Олар негізінен сондағы зиялы қауым мен студенттерді құрайды.

■ЭКСПО-2017

«ЕХРО – 2017» КӨРМЕСІ ҚАРСАҢЫНДА АСТАНАДА 73 ҚОНАҚ ҮЙ САЛЫНАДЫ

Астанада «ЕХРО – 2017» көрмесі қарсанында 73 қонақ үй салыну жоспарланып отыр. Бұл жөнінде Астана қаласы Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының төрағасы Айталап Қорғамбаев «ЕХРО – 2017» бүкіләлемдік бірегей көрмесіне қызметкерлер дайындау тақырыбында өткен отырыста мәлімдеді. Астана қаласы Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы «ЕХРО – 2017» бүкіләлемдік бірегей көрмесін ұйымдастыруға белсенді дайындық үстінде екендігін айтқан ол:

– Қазір Астанада түрлі деңгейлі 178 қонақ үй кешені бар. Өткен жылғы статистикалық ақпараттар бойынша қонақ үйлер орташа 38-40 пайызға толады екен. Бұл өте жақсы көрсеткіш деп білемін. Сонымен қатар, «ЕХРО – 2017» көрмесіне дайындық аясында қалада тағы да 73 қонақ үй салыну жоспарланып отыр. Оның 43-і бүгінгі күні жобалау үстінде болса, кейбіреулері құрылыстарын бастап та кеткен, – деді ол.

Бәсекелестік бар жерде даму бар демекші, осындай құрылыстардың арқасында ғана қонақ үйлердің сапасы жоғарылап, сапасыздары біртіндеп ығыса бастайтындығын атап өткен төраға:

– Бүгінгі күні біз туризм, қонақ үй мен мейрамхана бизнесі және Астанаға келген туристердің қолданатын қызметтері жөнінде білу үшін әлеуметтік сауалнама мен мониторингке Мемлекеттік тапсырыс бердік, – деп, осыған байланысты Астанадағы жетекші қонақ үй-мейрамханалық кешендерінің басшыларына бизнестің осы саласын оң жолға қою мақсатында аталмыш сауалнамаға белсене қатысып, әріптестік орнатуға ұсыныс жасады.

Айта кетейік, Астанада «ЕХРО – 2017» көрмесі аясында 38 әлемдік брендтегі қонақ үй ашылады.

■КЕМЕЛ ТОҚАЕВ – 90

ҚАЛАМГЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

Жақында Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде қазақтың көрнекті жазушысы, детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған еске алу кеші өтті.

Зиялы қауым өкілдері қатысқан кешті Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы, сенатор Нұрлан Оразалин ашып, қаламгердің ұлы, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кешке жиналғандарға білдірген алғысын жеткізді. «ҚАЗАҚ» газеті мен «АЙҚАП» журналының Бас редакторы, белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеев қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған көрнекті қаламгердің өмірі мен шығармашылығы жайында терең толғап, зерделі көңілмен жан-жақты баяндама жасаса, ұйғыр ақыны Ахметжан Әшири, «Жалын» баспасының директоры, жазушы Бексұлтан Нұржекеев Кемел Тоқаев туралы әңгіме өрбіт[illegible]. Сондай-ақ белгілі ақындар [illegible] Сейфолла Оспанов, Рафаэль Ниязбеков, Шөмішбай Сариев өлең-жырмен шашу [illegible] шашса, белгілі әншілер Нұрғали Нүсіпжанов, Бағдат Сәмединова, Рамазан Стамғазиев кештің көркін кіргізді.

«ҚАЗАҚ»-АҚПАРАТ

■КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

«АҚ БҰЛАҚ» 5554 АУЫЛДЫ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТИДЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен сонау 2002 жылдың 23 қаңтарында Қазақстан Үкіметі бекіткен «Ауыз су» салалық бағдарламасының іске асырылу мерзімі осыдан бес жылдай уақыт бұрын өз мәресіне жеткен еді. Бағдарлама аясында 12935 шақырым су құбыры және ауыз сумен жабдықтау желілері қайта жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізілді. Соның арқасында жалпы саны 3,5 миллионнан астам халқы бар 3449 елді мекен ауыз сумен қамтамасыз етіліп, жырақтағы жұртшылықтың жағдайы біршама жақсарды. Елдің ерніне таза ауыз суды тигізуді мақсат тұтқан бағдарламаның қол жеткізген жетістігі ретінде суды тасып ішетін ауыл жұртшылығының саны 71,1 мың адамды құрап, алты есе азайғанын айтуға болады. 2002-2010 жылдар аралығында санитарлық нормаларға сай келмейтін су құбырлары 336-дан 133 бірлікке дейін азайған.

Осындай оң өзгерістерге қарамастан, ауыл халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен түспей, өзектілігін жоймағанын жасыра алмаймыз. Әлі де болса, шалғай ауылдардағы ағайындардың талайы ауыз судың азабын тартуда. Қазақстанның түкпір-түкпірінде, малын суаруды былай қойғанда, сапалы ауыз суға жарымай отырған елді мекендер баршылық.

Қазіргі таңда, ауыл түгілі, республиканың қалаларын да ауыз сумен қамтамасыз етуде шешімін таппаған мәселелер жетіп-артылады. 2010 жылдың 1 шілдесіндегі мәліметтер бойынша баяндаған Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы агенттігі қала жұртшылығының тек 72 пайызы ғана орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен қамтылғанын алға тартып отыр. Салыстырмалы түрде айтсақ, әлемді аузына қаратқан дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90-95%-ға дейін жетеді екен.

Қазақстанның қалаларындағы су құбырлары желілерінің жалпы ұзындығы 27000,3 шақырымды құраса, оның 18173,7 шақырымы су таратушы желілер болып табылады. Осы құбыр желілерінің 36 пайызы нормативті пайдалану мерзімін өтесе, қалған 64 пайызы күрделі жөндеуді немесе толығымен қайта ауыстыруды қажет етеді. Демек, қалада да, далада да «тіршілік көзіне» қатысты мәселе түгесілмек емес.

Қалыптасып отырған жағдайды ескеріп, ел Үкіметі басталған игі істің жалғасы ретінде қала мен ауылдық елді мекендер тұрғындарын сапалы, таза ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған 2011-2020 жылдар аралығына арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті.

Ресми деректерге қарағанда, 2020 жылға қарай қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтау деңгейін жүз пайыздық көрсеткішке жеткізу жоспарланып отыр. Қалаларда бағдарлама шеңберінде атқарылатын негізгі шараларға қолданыстағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта құрылымдап, жаңғырту жолымен ауыз су сапасын арттыру жұмыстарын жатқызуға болады. Ал 2020 жылға қарай ауылдарды, оның ішінде облыс орталығынан шалғай жатқан елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтау 80 пайызға жетуі тиіс. Нақтырақ айтсақ, еліміздің 5554 ауылдық елді мекені сапалы ауыз судың рахатын көреді.

Сөзімізді қорытындыласақ, халық үшін сапалы ауыз суға қолжетімділіктің маңызы өте зор. Осыны сезінген Үкімет ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға бар күшін салып отыр. Сондықтан да әлеуметтік маңызы жоғары «Ақ бұлақ» – жан-жақты, тыңғылықты зерттеліп-зерделенген бағдарлама. Бағдарлама ойдағыдай орындалып жатса, қала мен ауыл халқы толығымен сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілетін күн де алыс емес.

Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ

■САРАПТАМА

«Балапан» бағдарламасы:

ЖҰМЫС пен ЖОСПАР

Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін биыл біздің облыста 24 балабақша ашылады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік тапсырыс үшін 5 млрд. 466 млн. теңге бөлініп отыр.

Біз облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Гүлжан Құлыбековамен Елбасы жүктеген міндеттің орындалуы туралы әңгімелескен едік.

«БАЛАПАННЫҢ» ЖЕМІСІ: 9 АУДАННЫҢ КӨРСЕТКІШІ – 100 ПАЙЫЗ!

«Балапан» бағдарламасы аясында 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың барлығы бірдей мектепке дейінгі біліммен қамтылуы тиіс. Біздің облыста бұл мақсаттағы жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатыр.

– Соның айқын дәлелі – 9 бірдей ауданда – Әйтеке би, Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Темір, Ойыл, Шалқарда 3-6 жастағы балдырғандардың бәрі де балабақшалар мен шағын орталықтарға барып жүр.

Қалған 3 аудан – Алға, Мұғалжар, Хромтау әзірге бұл межеге жете қойған жоқ. Дегенмен, олардың да көрсеткіші 95 пайыздан асып отыр.

Ақтөбе қаласында бірнеше мектепке дейінгі ұйымдар пайдалануға берілгенмен, облыс орталығына қоныс аудаушылардың күрт көбеюіне байланысты Ақтөбеде балалардың балабақшамен қамтылуы әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Мұндағы 3-6 жастағы балдырғандардың балабақшамен қамтылуы – 72,4 пайыз, – дейді Гүлжан Құлыбекқызы.

Біздің облыс балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту бойынша республикада алғашқы бестікті түйіндейді: Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар, Ақтөбе.

Сәуірдің 1-і күнгі мәлімет бойынша, облыстағы 41 534 бала балабақшалар мен шағын орталықтарда тәрбиеленіп жатыр. 520 мектепке дейінгі ұйымның – 249-ы балабақша. Қалған 271-і – шағын орталық. 1 жастан 6 жас аралығындағы балалардың мектепке дейінгі мекемемен қамтылуы – 63,3 пайыз. Ал 3-тен 6 жасқа дейінгі балалардың қамтылуы – 85 пайыз.

– Айта кету керек, 2013 жылы 3-тен 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшалармен қамту және мектепке дейінгі ұйымдардың желісін көбейту көрсеткіштері бойынша облыстың аймақтық дамыту бағдарламасы мен стратегиялық жоспардың индикаторлары артығымен орындалды. Мысалы, Ақтөбе қаласында – 7, Әйтеке би ауданында – 4, Байғанин мен Шалқарда бір-бірден жоспардан тыс балабақша пайдалануға берілді, – дейді бөлім басшысы.

ҚҰРЫЛЫС: 24 БАЛАБАҚША МЕН 3020 ОРЫН

Биыл облыста 3020 орынға арналған 24 мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарланып отыр. Қазір Ақтөбе қаласында және Мұғалжар ауданының орталығы – Қандыағашта әрқайсысы 320 орындық балабақша салынып жатыр. Бұл мақсатта қаржы республикалық бюджеттен бөлініпті. Сонымен қатар, Ақтөбе қаласында 3 жеке балабақшаның құрылысы басталды. Бұл 3 балабақшаның жалпы сыйымдылығы – 840 орын.

– 1991 жылы біздің облыста 438 мектепке дейінгі білім беру мекемесі жұмыс істеді. Бұл білім шаңырақтары балалардың 52,4 пайызын қамтыды. 1997 жылы осы балабақшалардың 97-сі ғана қалды. Арада екі жыл өткен соң, 1999 жылы облыста небары 68 балабақша болды (балалардың қамтылуы – 9,3 пайыз). 2006 жылдан бастап мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардың саны күрт өсті. Сол жылы 98 балабақша жұмыс істеді. 2007 жылы 190 (!) балабақша мен шағын орталық ел игілігі үшін пайдалануға берілді. Үш жылдан кейін, 2010 жылы мектепке дейінгі мекемелердің саны 474-ке жетті. Дәл қазір облыста 520 балабақша мен шағын орталық бар. Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының жемісі.

2020 жылға қарай біздің өңірде 150 мектепке дейінгі мекеме (18 843 орын) ашылады. Сонда Мемлекет басшысы жүктеген міндет орындалады. Яғни 3-6 жастағы балапандардың барлығы бірдей толықтай балабақшамен қамтылатын болады, – дейді Гүлжан Құлыбекқызы.

КЕЗЕК ПЕН СЕБЕП

Қазір облыстағы 29 272 балапан балабақша кезегінде тұр. Оның 24 940-ы – Ақтөбе қаласындағы балалар.

– Бұдан үш жыл бұрын, яғни 2011 жылы 21 827 бала кезекте тұрған болатын. Былтыр кезек күтуші балалардың саны 28 мыңнан асты. Қуаныштысы, бұл демографиялық өсімге байланысты, балалардың дүниеге келу көрсеткіші жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, 2012-2013 оқу жылында 7 жасқа дейінгі балалардың саны 113 622 болса, биылғы оқу жылындағы бала саны – 117 869.

Тағы бір себеп, бірқатар аудандар жоспарды орындай алмады, ашылуы тиіс балабақшалар ашылған жоқ. Соның салдарынан кейбір аудандарда балалардың балабақшамен қамтылу көрсеткіші төмендеді. Мысалы, Қарғалыда – 15,6 пайызға, Әйтеке би ауданында – 8,1 пайызға, Алғада –7,3 пайызға кеміді, – дейді Гүлжан Құлыбекова.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

«Балапан» бағдарламасы аясында атқарылатын жұмыстардың бір парасы – жекеменшік балабақшалардың санын арттыру. Соған байланысты мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігі енгізілді.

Биыл мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік тапсырыс үшін 5 млрд. 466 млн. теңге бөлініп отыр. Оның 1 миллиард 315 миллионы – республикалық бюджет есебінен бөлінсе, қалғаны жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы.

– 2012 жылы елімізде бірінші болып біздің облыста жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс беру басталды. Сол жылы облыс әкімі Архимед Мұхамбетов мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және әр балаға 20 мың теңге бөлуді бекіту туралы қаулы қабылдады. Қаржыландыру көлемінің көптігі жөнінен де біздің облыс бірінші болды. Мысалы, мемлекеттік тапсырыс үшін Қарағанды облысы – 12 мың теңге, Оңтүстік Қазақстан облысы – 14 мың теңге, Қостанай, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары – 16 мың теңгеден бөлді, – дейді Гүлжан Құлыбекова.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің арқасында жеке балабақшалардың саны 3 есеге дейін артты. Қазір облыста 21 мемлекеттік емес балабақша бар.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ,
Ақтөбе облысы